

Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №1

2021-2022 оқу жылы

15.09.2021ж

ЖШС «Кәусар Әли»

Бөбекжай балабақшасы

Төрағалық етуші: М.Т.Тореева

Хатшы: Н.Ескендинова

Қатысқандар: 50

Күн тәртібі

1. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Тореева балабақша қызметкерлерін жаға оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі.

Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, бірнеше бөлімдерден тұратынын онда қызметкерлердің құқықтары, басшылықты құқықтары, жұмыс уақыттары, тәрбиешілердің сағат сандары айтылды, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілер екі ауысымда жұмыс жасағандықтан, бірінші ауысымдағы және екінші ауысымдағы тәрбиешілердің уақыттарын атап өтті. Биылғы оқу жылында жаңа қызметкерлер қосылған жоқ, алайда әрбір қызметкер лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды атап өтті.

Келесі сөзді психолог А.Сындарова алды, Ол ата аналарға психологиялық кеңес берді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1.Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



М.Т.Тореева

Н.Ескендинова

Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №2

2021-2022 оқу жылы

14.12.2021ж

ЖШС «Кәусар Әли»

Бөбекжай балабақшасы

Төрағалық етуші: М.Т.Тореева

Хатшы: Н.Ескендинова

Қатысқандар: 52

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі сөз алып жаңа жыл мерекесін тойлауға арналған ертеңгіліктердің кестесін бекітіп, ертегі персонаждарды бекітті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесіне арналған сыйлық жасау үшін ата аналар комитеті ұйымдастыруға тапсырма берді, қамқоршылық кеңесі тарапынан аз қамтамасыз етілген балаларға да жеке сыйлық жасау керектігін қарастыру керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі бойынша ағымдағы әр түрлі мәселелер айтылды. Келе жатқан Жаңа Жыл мерекесін жоғары деңгейде өткізуді жоспарлап отырғанын, ата аналар тарапынан ең үлкен көмек, ол балаларды балабақшадан себепсіз қалдырмау екендігі баса айтты.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды

Жиналыс шешім етеді.

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы жоғары дәрежелі өткізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



М.Тореева

Н.Ескендинова

Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №3

2021-2022 оқу жылы

12.01.2022ж

ЖШС «Кәусар Әли»

Бөбекжай балабақшасы

Төрағалық етуші: М.Т.Тореева

Хатшы: Н.Ескендинова

Қатысқандар: 49

Күн тәртібі

1.Балалардың ауруға шалдығуына талдау және жарты жылдық есебі

2.Жаңа жылдағы ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау

Тыңдалды: балабақша медбикесі Э.Сүлейменова сөз алды. Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. Дұрыс тамақтану мен таза ауадағы шынығу баланың ауруға шалдығуы алдын алатын процедуралар. Медбике өзінің сөзінде балабақшаның 1 жарты жылдығында ауруға шалдығу процесі аз болғанын сонымен қатар ешқандай жұқпалы аурулар тіркелмегенін айтты.

Тыңдалды: балабақша әдіскері К.Базарбекова сөз алып жаңа жыл мерекесі жоғары дәрежеде өтілгенін, жауапты мамандарды балабақша әкімшілігінің тарапынан алғыс хатына ұсынуды сұрады. Ата аналар сұрақтарын қойып, толымды жауап алды. Ардақты ата аналар! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десек те, бала –ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Осыған орай бүкіл ата ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата аналар іс жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс деп жиналысты қорытындылады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1.Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2.Жаңа жыл мерекесін ұйымдастырылуы жоғары дәрежелі өткізген мамандар балабақшаның алғыс хатымен марапатталсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



М.Т.Тореева

Н.Ескендинова

